



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2018 жылғы 14 желтоқсаны

№ 389

Ақтөбе қаласы

город Актобе

Ақтөбе қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 7-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27-бабына, 50-бабының 2-тармағына сәйкес, Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Ақтөбе қалалық мәслихатының 2015 жылғы 4 наурыздағы № 319 «Ақтөбе қаласының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4244 болып тіркелген, 2015 жылғы 31 наурызында «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінде жарияланған) шешімі;

2) Ақтөбе қалалық мәслихатының 2016 жылғы 25 тамыздағы № 92 «Ақтөбе қаласының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы» Ақтөбе қалалық мәслихатының 2015 жылғы 4 наурыздағы № 319 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5048 болып тіркелген, 2016 жылғы 13 қыркүйегінде «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімі.

2. «Ақтөбе қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Ақтөбе қалалық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Ақтөбе қалалық
мәслихатының сессия төрағасы**

Е. Татимов

**Ақтөбе қалалық
мәслихатының хатшысы**

С. Шынтасова

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
Ақтөбе облысының/қаласының Әділет департаменті
Ақтөбе қаласы «Астана» ауданының Әділет басқармасы
Нормативтік құқықтық акті 19.12.2018
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 3-1-221 болып енгізілді

Результаты согласования

Акимат Актюбинской области - Председатель сессии ЕРЛАН АСКАРОВИЧ ТАТИМОВ, 05.12.2018 10:47:37,
положительный результат проверки ЭЦП

Департамент юстиции Актюбинской области - Руководитель управления Булат Жарасович Раскалиев,
05.12.2018 16:32:02, положительный результат проверки ЭЦП

Результаты подписания

Маслихат города Актөбе - Секретарь маслихата Сулупан Панаевна Шинтасова, 14.12.2018 13:50:36,
положительный результат проверки ЭЦП